

Абдикеримова Гулнара Суйндиковнаның
6D021000 – «Шетел филологиясы» мамандығы бойынша (PhD)
философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Француз саяси
медиадискурсының лингвомәдени ерекшеліктері (мерзімді баспасөз
материалы негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі ұлттар мен мемлекеттер арасындағы шекаралардың жойылуы кезеңінде жаһандану үдерістерінің кеңеюімен, Франция мен Қазақстан арасындағы қоғамдық дамудың түрлі салаларындағы, оның ішінде әлеуметтік-саяси саладағы өзара іс-қимылдарының жандануымен айқындалады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Конституциясын әзірлеу кезінде президенттік билікті көздейтін француз моделі пайдаланылғанын атап өтуге болады. Демек, Францияның саяси медиадискурсын зерттеу француз қоғамының лингвомәдени ерекшеліктерін түсіну үшін өте маңызды.

Француз саяси медиадискурсы ұлттық тілдің белгілі бір таңбалық сипаты ретінде, ақпараттандыру және түсіндіруден басқа, билік үшін күресті бейнелеу, азаматтардың идеологиялық көзқарастарын қалыптастыру, қазіргі саяси әлемді тұжырымдау, қоғамдық консенсус қалыптастыру және демократиялық қоғамдағы француз азаматтарының пікірлері мен белсенді ұстанымдарының плюрализмі контекстінде қоғамдық-саяси шешімдерді негіздеу кеңістігі болып табылады және қоғамдық пікірге әсер етуге бағытталған саяси билік құралдардың бірі бола отырып, елдегі саяси шындықтың өзгеруіне ықпал етеді. Француз мерзімді басылымдарының бұқаралық ақпарат құралдарының басқа түрлерінен айырмашылығы сол, қоғамдық-саяси құбылыстарды кеңірек тұрғыдан дәйекті әрі жан-жақты көрсете алады, сондай-ақ ақпарат тұтынушыға біртұтас аналитикалық материал ұсынады.

Бүгінгі таңда отандық лингвистика ғылымында елдің саяси медиадискурсынан көрінетін, француз саяси тұжырымдамалық жүйесінің мазмұнын ашатын *Pouvoir* (билік) және *Laïcité* (зайырлылық) сияқты концептілерді қамтитын француз лингвомәдени қоғамдастығының лингвомәдени ерекшеліктерін зерттеуге арналған диссертациялық зерттеулер жоқтың қасы.

Pouvoir концептісі француз лингвомәдени қоғамдастығы жинақтаған тарихи тәжірибені бейнелейді, болмыстың, қоғамдық-саяси және мәдени түсініктің, билік пен билік қатынастарының белгілерін нақты ұлттық тұрғыда түсіндірудің маңызды бөлігі болып табылады. Көпмәдениеттілік, халықтың өсіп келе жатқан көші-қоны, діни және мәдени бірегейлікте басқаша болу құқығын тану, кейде Францияның саяси қағидаттарына қайшы келетін мәселелер *Laïcité* концептісінің қоғамдық-саяси координаттардағы бастапқы нүктесі болып табылады, бұл елдің қазіргі саяси медиадискурсында кең көрініс табады. Француз саяси медиадискурсының лингвомәдени сипаттамалары негізгі концептілерді тұжырымдамалық зерттеу нәтижелерін

лингвокогнитивті түсіндіру арқылы ашылады. Тұжырымдаманың когнитивті белгілерін оның лингвомәдени атрибуттарымен үйлестіру мәселесі қазіргі лингвистиканың маңызды аспектілерінің бірі болып табылады және осы жұмысты зерттеудің негізі болып табылады.

Танымның антропоэектілік парадигмасына көшу және француз дискурсындағы субъект ретінде тұлғаның әртүрлі көріністерін зерттеуге байланысты қызығушылық этостың когнитивті-дискурсивті категориясын тіл мен мәдениеттің, эмоциялар мен танымның арақатынасы, француз лингвомәдени қоғамдастығының құндылықтарын тілде бейнелеу, екінші жағынан, Францияның саяси медиадискурсында көрінетін саяси процестегі адресант және адресат тұлғасы, тілдегі даралық, т. б. тұрғысынан қарастыру қажеттілігін анықтады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу нысаны – француз саяси медиадискурсы.

Зерттеу пәні – лингвомәдени таңбаланған *Pouvoir* және *Laïcité* концептілері арқылы ұсынылған француз саяси медиадискурсының лингвомәдени ерекшеліктері, сонымен қатар оның ұйымдастырылуына ықпал ететін саясаткерлердің дискурсивті *этосы*.

Зерттеу жұмысының мақсаты – *Pouvoir*, *Laïcité* концептілерін және этостың когнитивті-дискурстық категориясының негізгі тұжырымдамаларын зерттеу негізінде француз саяси медиадискурсының лингвомәдени ерекшеліктерін анықтау.

Қойылған мақсатқа сәйкес келесі **міндеттер** қойылды:

– қазіргі заманғы француз саяси медиадискурсын зерттеуге дәйекті лингвокогнитивті талдау жүргізу үшін *дискурс*, *саяси дискурс* және *саяси медиадискурс* терминдерін ажырата отырып, жұмыстың ғылыми негізі ретінде қарастырып, заманауи зерттеулерге аналитикалық шолу жасау;

– дискурсты талдаудың француз мектебінің тұжырымдамалық негіздерін зерттеу;

– зерттеудің дискурсивті, лингвокогнитивті және лингвомәдени тәсілдерін қамтитын француз саяси медиадискурсының когнитивті-лингвомәдени талдауының негіздерін анықтау;

– француз саяси медиадискурсының лингвокогнитивті құрылымы мен лингвомәдени таңбаланған сипаттамасын анықтау үшін *Pouvoir* және *Laïcité* негізгі концептілеріне лингвокогнитивті және лингвомәдени талдау жүргізу;

– саяси медиадискурс шеңберінде этостың когнитивті-дискурсивті тұжырымдамасын ашу және оны когнитивті-лингвомәдениеттану аясында қолдану;

– француз саяси медиадискурсының лингвомәдени ерекшеліктерін сипаттау.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрады:

– дискурстың қызметі: М. Foucault, М. Pêcheux, Л. Althusser, Е. Benveniste, R. Barthes, J. Lacan, P. Bourdieu, J. Derrida, С. Bailly, J. Kristeva, P.

Sériot, P. Charaudeau, D. Maingueneau, M.-A. Paveau, R. Amossy, C. Kerbrat-Orecchioni, F. Mazière, Т.А. ван Дейк, Ю.С. Степанов, Н.Д. Арутюнова, Е.С. Кубрякова, Г.Г. Бүркітбаева және басқалар;

– саралау критерийлерін, жіктеу белгілері мен дискурс түрлерін анықтау: М. Foucault, R. Wodak, P. Sériot, N. Fairclough, Т.А. ван Дейк, С.Г. Воркачев, В.З. Демьянков, В.В. Красных, А.К. Михальская, М.Л. Макаров, Н.Д. Арутюнова, В.Г. Борботько, А.А. Кибрик, Г.Г. Гиздатов, М.Ю. Олешков, Е.А. Красина, И.В. Анненкова, П.А. Иванов және басқалар;

– дискурстың және саяси медиадискурстың лингвокогнитивті және лингвомәдени ерекшеліктер: P. Bourdieu, E. Benveniste, P. Sériot, Т.А. ван Дейк, Ю. Хабермас, P. Charaudeau, D. Maingueneau, В.В. Воробьев, В.Н. Телия, В.И. Карасик, Р.М. Фрумкина, В.З. Демьянков, Т.Г. Добросклонская, А.П. Чудинов, Н.Ф. Алефиренко, Е.И. Шейгал, Н.Д. Арутюнова, В.Г. Борботько, В.В. Красных, И.В. Зыкова, Б.А. Ахатова, А.И. Ислам, А.А. Загидуллина, М.В. Тричик және басқалар;

– этостың когнитивті-дискурсивті категориясын талдау: P. Charaudeau, D. Maingueneau, M.-A. Paveau, R. Amossy, C. Kerbrat-Orecchioni, J.-M. Barbéris, А.Н. Тарасова және басқалар.

Зерттеу әдістері. Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жұмыста келесі әдістер қолданылды: дескриптивті (сипаттамалық), синтез, жалпылау, сондай-ақ когнитивті-лингвомәдени, дискурсивтік, этимологиялық, когнитивті-анықтамалық, когнитивті-тұжырымдамалық, фреймдік талдау.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

– француз саяси медиадискурсының қазіргі француз лингвомәдени қоғамдастығының тарихи, әлеуметтік-саяси ерекшеліктеріне, сондай-ақ қазіргі француз саяси медиадискурсын зерттеудің біртұтас лингво-когнитивті тәсілін қажет ететін әмбебап когнитивті стратегияларды жүзеге асыруға байланысты өзіндік лингвомәдени ерекшеліктері бар;

– лингвокогнитивті және лингвомәдени тәсілдер контексіндегі француз саяси медиадискурсының лингвомәдени ерекшеліктерін зерттеу француз лингвомәдени қоғамдастығының құндылық-дүниетанымдық бағдарларын зерттеуге бағытталғандығымен сипатталады және *Pouvoir*, *Laïcité* сияқты негізгі концептілермен жаңартылады. Француз саяси медиадискурсында *Pouvoir* және *Laïcité* концептілері – француз қоғамының дамуының әр түрлі кезеңдерінде лингвомәдени жүктеменің әралуан дәрежесі бар дискурс құрушы және лингвомәдени таңбаланған біртұтас бірліктер;

– *Pouvoir* және *Laïcité* негізгі концептілерін өзектілендіру саяси медиадискурстың қоғамда кең таралған және тарихи, мәдени, рационалды және эмоционалды, әлеуметтік және жеке, әмбебап және ұлттық сипаттамаларына байланысты лингвомәдени ерекшеліктерді қалыптастыратын бағалаудың, ассоциативті образдардың, стереотиптердің, нанымдардың объективті себептерін анықтауға мүмкіндік береді. *Pouvoir* және *Laïcité* концептілері бір жағынан нағыз шындыққа, екінші жағынан лингвомәдени қоғамдастық мүшелері арасындағы өзара әрекеттесудің

реттелген формаларымен сипатталатын әлеуметтік-мәдени контексттерге сүйене отырып қалыптасады;

– саяси медиадискурстың адресаты мен реципиентінің сөйлеу және ойлау-танымдық іс-әрекетінің бірлескен өнімі ретінде дискурсивті этос пен сөйлеу алдындағы этиканы қамтитын этостың когнитивті-дискурсивті категориясы саясаткерлердің этосты қалыптастыру стратегияларын және олардың негізінде жатқан лингвомәдени бірліктер көріністер жиынтығын сипаттауға мүмкіндік береді;

– саясаткерлер этосының лингвомәдени ерекшеліктерін зерттеу маңызды дискурстық стратегияларды, қалыптасқан дәстүрлердің ерекшеліктерін ашатын сөйлеу әсерінің әдістерін, саяси акторлардың мінез-құлық көзқарастарының жиынтығын, француз саяси медиадискурсы негізделген лингвомәдени тәжірибенің сипаттамалары болып табылатын маңызды қоғамдық-саяси мәселелерге көзқарасты анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы – француз саяси медиадискурсының лингвомәдени ерекшеліктері алғаш рет зерттелуінде. Жұмыста этимологиялық, когнитивті-анықтамалық, когнитивті-тұжырымдамалық талдауды қамтитын когнитивті-лингвомәдени талдау түріндегі интегративті тәсіл қолданылады. *Pouvoir* және *Laïcité* концептілері және фреймдік талдау, сондай-ақ француз саяси медиадискурсына негізделген француз лингвомәдени қоғамдастығы үшін маңызды құндылықтарды, нормалар мен сенімдерді анықтауға мүмкіндік беретін этостың когнитивті-дискурсивті категориясын талдау.

Зерттеудің біртұтас лингвокогнитивті әдістемесі Францияның мерзімді баспасөзінің материалдары негізінде француз саяси медиадискурсының лингвомәдени ерекшеліктерінің тұжырымдамалық негіздерін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы, ең алдымен, жұмыста тұжырымдалған ережелер, идеялар, тұжырымдар және дискурсты талдаудың дамыған әдістері болашақта саяси коммуникация теориясын, саяси медиадискурс теориясын және медиа дискурс теориясын дамыту үшін қолданыла алады. Француз саяси медиадискурсының лингвомәдени ерекшеліктерін сипаттау әдістемесі басқа тілдік материалға экстраполяциялануы мүмкін.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін француз саяси медиадискурсының басқа концептілерінің лингвомәдени ерекшеліктерін зерттеуде қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелері дискурс теориясы, социолингвистика, мәтін лингвистикасы және риторика бойынша оқу құралдарын құрастыруда қолдануға болады. Сондай-ақ, жұмыста электронды сөздіктердегі сөздік мақалаларды толықтыруға қажетті материал жинақталған.

Зерттеу материалын француздық орталық баспа басылымдарының *Le Monde*, *Le Figaro*, *Libération*, *L'Humanité*, *La Tribune*, *Les Echos*, *Le Nouvel Observateur*, *Le Point*, *La Croix* т.б. электронды мәтіндерін үздіксіз

іріктеу арқылы алынған 2000-нан астам мақалалары құрады. Интернет дереккөздеріне жүгіну алынған нәтижелердің дұрыстығын қамтамасыз ететін жеткілікті түрде ұсынылған француз саяси медиадискурсының лингвомәдени ерекшеліктерін анықтауға септігін тигізетін кең ауқымды эмпирикалық материалдарды жинақтау арқылы мүмкін болды.

Сонымен қатар, талдау үшін француз тілінің түсіндірме, этимологиялық, саяси, тарихи және энциклопедиялық сөздіктері қолданылды. Талданатын материалдың хронологиялық шеңбері 2017 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңді қамтиды, бұл бір жағынан, қазіргі француз саяси медиадискурсының лингвомәдени ерекшеліктерін анықтау қажеттілігіне, екінші жағынан, соңғы кезеңдегі тарихтағы саяси көшбасшылардың этосын көрсететін сайлау кезеңдеріне жүгінуге байланысты.

Зерттеу нәтижелері жарияланым. Диссертациялық зерттеудің теориялық және практикалық нәтижелері 10 басылымда ұсынылды, оның ішінде жұмыстың мазмұны SCOPUS дерекқорына енгізілген 1 мақалада көрсетілген; ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК тізбесіне енгізілген басылымдарда 3 мақала жарияланды; ҚР ғылыми журналында 1 мақала; РИНЦ ғылыми-метрикалық базасына енгізілген басылымда 1 мақала жарияланды; халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда 3 мақала сынақтан өткізілді және жарияланды; ұжымдық монография тарауы әзірленді (№11588 авторлық құқық арқылы қорғалатын объектілер құқықтарының мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы куәлік 21.08.2020 жыл).

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің өзектілігі негізделеді, оның мақсаты, міндеттері мен қорғауға шығарылатын негізгі ережелері баяндалады, зерттеу объектісі мен пәні айқындалады, жұмыстың ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы атап өтіледі, зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу туралы деректер келтіріледі, жұмыс құрылымы сипатталады.

Диссертацияның «Француз саяси медиадискурсын зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауында саяси медиадискурсты талдаудың жалпы ғылыми тұжырымдамасы, зерттеудің мәні, қасиеттері мен негізгі тәсілдері, сондай-ақ оның *дискурс*, *медиа*, *медиадискурс* және *саяси медиадискурс* сияқты тікелей компоненттерінің мазмұны ұсынылады. Француз дискурс талдау мектебінің зерттеулері аясында дискурсты зерттеудің заманауи теориясын қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері баяндалады.

Диссертациялық жұмыстың «Лингвокогнитивті және лингвомәдени тәсілдер контексіндегі қазіргі заманғы француз саяси медиадискурсы» атты екінші тарауында *Pouvoir* және *Laïcité* концептілерінің тілдік және менталды құрылым ретінде интегративті мәні қарастырылады, мазмұнында арнайы лингвомәдени және менталды-когнитивті ақпараттар анықталды.

«Француз саяси медиадискурсында когнитивті-дискурстық категория ретінде этостың қалыптасуының лингвомәдени аспектісі» атты үшінші тарауда этостың когнитивті-дискурсивтік категориясы талданды, адресант

пен адресаттың сөйлеу және ойлау әрекеттерінің бірлескен өнімі ретіндегі саясаткердің этос құрылымын талдау арқылы француз саяси медиадискурсының лингвомәдени ерекшеліктері анықталды.

Қорытындыда жүргізілген зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері, сондай-ақ зерттеудің одан әрі перспективаларын анықтау қамтылады.